

## **Әйтеке би ауданы Құмқұдық ауылдық округі Құмқұдық ауылы аумағында шектеу іс-шараларын белгілеу туралы**

### ***Күшін жойған***

Ақтөбе облысы Әйтеке би ауданы Құмқұдық ауылдық округі әкімінің 2018 жылғы 14 мамырдағы № 5 шешімі. Ақтөбе облысы Әділет департаментінің Әйтеке би аудандық Әділет басқармасында 2018 жылдың 16 мамырда № 3-2-155 болып тіркелді. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Әйтеке би ауданы Құмқұдық ауылдық округі әкімінің 2019 жылғы 11 қарашадағы № 9 шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Әйтеке би ауданы Құмқұдық ауылдық округі әкімінің 11.11.2019 № 9 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).**

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 35-бабына, Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі "Ветеринария туралы" Заңының 10-1-бабына сәйкес және Қазақстан Республикасы ауыл шаруашылығы министрлігінің ветеринариялық бақылау және қадағалау комитеті Әйтеке би аудандық аумақтық инспекциясының бас мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекциясының 2018 жылғы 16 сәуірдегі № 2-7/30 ұсынысының негізінде, Құмқұдық ауылдық округінің әкімі **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Әйтеке би ауданы Құмқұдық ауылдық округінің Құмқұдық ауылы аумағында ірі мүйізді қара малдарының арасынан сарып ауруының анықталуына байланысты шектеу іс-шаралары белгіленсін.

2. "Құмқұдық ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы шешімді Ақтөбе облысы Әйтеке би ауданы әділет басқармасында мемлекеттік тіркеуді;

2) осы шешімді мерзімді баспа басылымдарында және Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің Эталондық бақылау банкінде ресми жариялауға жіберуді қамтамасыз етсін.

3. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Құмқұдық ауылдық округінің әкімі:*

*М. К. Алибаев*

